

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ

6М110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы» бойынша медицина ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін иеленуге дайындалатын магистрлік диссертация

АННОТАЦИЯСЫ

Тәжи Дана Артықбайқызы

Әлеуметтік міндетті медициналық сақтандыруды енгізу кезінде өндірістерде жұмыс атқаратын репродуктивті жастағы әйелдер денсаулығының медико-әлеуметтік жағдайы.

(Мысалы ретінде Шымкент қаласындағы SANTO өндірісі)

Ғылыми жетекші:

м.ғ.к. Сарсенбаева Г.Ж

Шымкент, 2019ж.

Мәселенің өзектілігі:

SANTO өндірісінде еңбек етушілердің 90 пайызын әйелдер құрайды. Өндіріс орнында соңғы жылдарда жаңа технологиялық жүйелер мен механизмдер, автоматты жүйелер енгізілді. Мемлекетімізде және әлемдік ортада бұл өндірістің өнімдеріне, сапасына, көлеміне сұраныс үнемі артып, жоғары талаптар қойылып отырады.

- Бұл өндірістегі негізгі кәсіби қимылдар дененің қоршаған ортадағы тұрақтылығын нашарлатып, тірек қимыл аппараттарына қуатты қысым түсіреді.
- Ал өндірістік ортаның әр түрлі химиялық заттардан тұратын майда тозаңдармен ластануы, адам денесіне осы тозаңдардың әртүрлі жолдармен түсуі жалпы ағзаның улануына алып келетіні белгілі.
- Сондықтан осы өндірістегі еңбек ету жағдайын жан-жақты тексеріп, адам денсаулығына зиянды әсерін тигізетін себептердің әйелдердің өзіндік қызметіне, жалпы аурушаңдығына қосатын үлесін кешенді түрде зерттеп баға беру бүгінгі күннің мәселесіне айналып отыр.

Жұмыстың алдына қойған мақсаты:

SANTO өндірісінде қызмет атқаратын әйелдердің кәсіби-өндірістік, әлеуметтік-медициналық сипатына негізделген топтарды құрастыру және алдын-алу шараларының тиімділігін арттыру.



Мақсатты жүзеге асыру үшін алдымызға қойылған міндеттер:

- 1) Шымкент SANTO өндірісінде қалыптасқан еңбек ету жағдайына және негізгі кәсіптерде жұмыс атқаратын әйелдердің еңбегіне мінездеме беру.
- 2) Әйелдердің аурушандығы мен өндірістік себептер арасындағы байланыс тығыздығын анықтау.
- 3) Әлеуметтік-гигиеналық және медициналық-санитарлық себептердің жұмысшы әйелдер денсаулығына тигізетін әсерін бағалау.



Тәжірибелік маңызы:

Алынған ғылыми нәтижелер кәсіптік және өндірістік себептерге тәуелді аурулардың алдын-алу шараларын белсенді ұйымдастыруға жағдай туғызады сонымен қатар алдын-ала жүргізілетін медициналық тексеру жұмыстарының сапасын арттырады.



Жұмыстың ғылыми жаңалығы

Осы өндірістегі әйелдердің жалпы аурушаңдығы мен оны түзейтін негізгі әлеуметтік-гигиеналық себептерге баға беріледі. Оның барысында жұмысшы әйелдердің денсаулық көрсеткіштеріндегі динамикалық бағыт анықталды. Осы жұмысты орындау барысында медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру, еңбек ету және демалу ережелерін жақсарту, салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру, санитарлық-техникалық шараларды қолдану арқылы қол жеткізген сауықтыру жұмыстарының тиімділігін анықтау.

